

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

Подсекция 10.5 Уголовная политика и уголовное законодательство: современные вызовы и эффективные пути их решения

ӘОЖ 343.9

ОТБАСЫЛЫҚ-ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ: АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ РЕТТЕЛУ ЖҮЙЕСІ, ӘЛЕУМЕТТІК ТАЛДАУ

Абилдаева Аружан Қайратқызы

abildaevaa.aruzhan@icloud.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, заң факультеті 3 курс,

«Құқықтану» мамандығының студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші - Э.А. Ашимова з.ғ.к., доцент,

Соңғы жылдары балалар мен әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық мәселесі едәуір түрде өрши бастады. Тек елімізде ғана емес, әлемнің көптеген бөліктерінде оларға деген қатыгездік әлі күнге дейін жасырылып, жоққа шығарылып, оған төзімділік пайда болып және ол қолайлы мәдени нормалар мен дәстүрлер ретінде түсіндіріліп жатыр. В. В. Лунеев жазғандай, "...басқа жағдайларда қылмыстық деп саналатын зорлық-зомбылық әрекеттері жеке отбасылық саладағы әйелдер мен балаларға қатысты жасалған кезде заңды болып шығады" [1].

ҚР Ішкі істер министрлігінің ресми деректері бойынша 2017 жылдан бастап 2020 жылға дейін отбасылық-тұрмыстық салада жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың өсуі байқалды. Мәселен, 2017 жылдан бастап (446 жағдай) 2020 жылы жағдайлардың саны (1072 жағдай) іс жүзінде 2,5 есеге ұлғайды. Сондай-ақ, 2020 жылдың бірінші жартыжылдығында 502 жағдай, 2021 жылдың сол кезеңінде 468 жағдай тіркелгенін атап өткен жөн. Соңғы жылдары отбасылық-тұрмыстық саладағы тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны «Денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру» 106-бабы бойынша едәуір артты: егер 2017 жылы бұл көрсеткіш бір жыл ішінде 181 жағдайды құраса, 2021 жылы осындай жағдайлар бірінші жартыжылдықта бай қалады. «Денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа зиян келтіру» бабы бойынша да айтарлықтай: 2017 жылғы 117 жағдайдан 2020 жылы 354 жағдайға дейін өсім тіркелген. Бұдан басқа «Зорлау» (2015 жылғы 1 жағдайдан 2020 жылы 32 жағдайға дейін және 2021 жылдың бірінші жартыжылдығында 9 жағдайға дейін) және «Сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық» (2015 жылғы 2 жағдайдан 2020 жылы 24 жағдайға дейін және 2021 жылдың бірінші жарты жылдығында 10 жағдайға дейін) баптары бойынша істердің көбеюі байқалады [2].

Қоғамда кез-келген қылмыстық құқықбұзушылық белгілі себептер арқылы жасалады. Соған сәйкес отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың да өз детерминанттары бар. Жалпы, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың туындауына ішкі және сыртқы факторлар әсер етеді. Ішкі факторларға ішімдікке немесе есірткіге тәуелділік, психикалық және психологиялық аурулар, шамадан тыс агрессивтілік және т.б. негізгі себептер жатады.

Сырттан әсер ететін факторлар өмір сүру деңгейінің төмендігі, тұрақты табыстың болмауы, білімнің төмендігі және т.б. Бұл жерде статистика деректері бойынша 2020 жылы Қазақстан Республикасында 448 800-нан астам жұмыссыз адам болғанын айта кету қажет. Оның ішінде ерлер (209 600 адам), әйелдер (239 200 адам). Бұл ретте 50 900 азамат ұйымның банкроттығына байланысты жұмыстан босатылды немесе штаттың қысқаруына ұшырады, 107 300 азамат жұмыс іздеуге мүмкіндігі болмады.

Алайда материалдық проблемалардан басқа, адамның балалық шағында болған, әсіресе егер бала кезінде адамның өзі отбасындағы аға-буын туыстары тарапынан зорлық-зомбылыққа ұшыраған жағдайлардың әсерін де ескерген жөн. Сондай-ақ сарапшы

психологтардың пікірінше қоғамның өзгерген құндылықтары әсер етеді, онда әйелдер көбінесе бай адамға тұрмысқа шыққысы келіп, оның жеке қасиеттерін, мінез-құлқы мен сезімдерін екінші орынға қояды Құқық қорғаушы, қоғам қайраткері Салтанат Тұрсынбекованың пікірінше отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың себептері «өмірлік бағдарлар мен отбасылық құндылықтардың жоғалуы, коммуникация проблемалары, әлеуметтік оқшаулану және отбасының жабықтығы» болып табылады», яғни көбінесе әлеуметтік және психологиялық факторлар отбасындағы зорлық-зомбылықты күшейтеді. Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық көрінісінде гендерлік теңсіздік маңызды рөл атқарады. Денсаулық сақтаудың дүниежүзілік ұйымы зорлық-зомбылықтың негізгі факторларын айқындай отырып, «гендерлік теңсіздік және осындай зорлық-зомбылыққа жол беретін нормалардың» бастапқы себебін анықтады[2].

«Қазақстан Республикасындағы отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл туралы» ұлттық баяндамада нақты сауалнама жүргізіп, отбасындағы зорлық-зомбылықтың негізгі себептерін анықтады. Ол бойынша:

1) әлеуметтік-мәдени аспектілер (бос уақыт): «зиянды әдеттер (маскүнемдік, нашақорлық, құмар ойындар)» - 55,3%, «жәбірленуші/агрессор өскен отбасындағы зорлық-зомбылық көріністері» 25%, «стереотиптік көзқарастар мен сенімдер («сүйеді, сондықтан ұрады»)» 17,35%, «білім мен мәдениеті төмен» 14,8%; «отбасын құруды дұрыс жоспарламау» - 7%;

2) қаржылық проблемалар: «Әлеуметтік-экономикалық сипаттағы проблемалар» 47,6%, «Тұрақты табыс көзінің жоқтығы (агрессорда)» 29,2%, «Берешек, несие, қарыздың көптігі» - 24,8%, «Жұбайына (зайыбына) материалдық, қаржылық тәуелділік» – 12,4%;

3) отбасындағы дәстүр мен құндылықтар: «Туыстарының отбасы өміріне араласуы» 10,4%, «Отбасы институты беделінің болмауы» 3,8%. Сондай-ақ, кемсітушілік тыйымдар мен шектеулер, мінез-құлықтың белгілі бір түріне мәжбүрлеу, репродуктивті саладағы бақылау және т. б. болуы мүмкін;

4) сыртқы факторлар: «Қоғамдағы агрессияның деңгейінің жоғары болуы» 10,4%;

5) алдын алу және құқық қорғау қызметі тетігіндегі олқылықтарға байланысты проблемалар: «Отбасындағы зорлық-зомбылық үшін қылмыстық жауаптылықтың болмауы» – 13,4%, «Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі алдын алу шараларының жеткіліксіздігі» – 6,1%, «Рухани-адамгершілік тәрбие бағдарламаларының жеткіліксіз іске асырылуы» 4,5%;

6) денсаулық жағдайы: «Психологиялық ауытқулар/ бұзылулар» 18,6% және т.б.[4]

Жанжал құрбаны мен куәгерлерінің психикалық, физикалық денсаулығына келтірілген зиян тұрғысында отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық салдарының ауқымы үлкен. Себебі, келешекте жанжалға қатысушылар мен куәгерлер тарапынан зорлық-зомбылық жасау қаупі де, отбасылық-тұрмыстық жанжал салдарын жоюға жұмсалатын шығындар сомасы да өсуі мүмкін.

Мәселен, 2021 жылы әкімшілік және қылмыстық рәсімдерге 2,9 млрд. теңге жұмсалды, тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасына арналған мақсатты шығыстар 1,5 млрд. теңгені құрады. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың ең ауыр әлеуметтік салдарының бірі ата-ананың біреуінің қылмыстық құқық бұзушылық жасауы нәтижесінде орын алатын жетімдік[3].

Жоғарыда тұрмыстық зорлық-зомбылықтың қоғамда, отбасында болып жатқан негізгі себептері мен оның салдары көрсетілді. Ал ол орын алған жағдайда еліміздегі заңдардың тиісінше қаншалықты түрде құқықбұзушыға жауапкершілік, жәбірленушіге көмек бере алатындығын қарастырайық.

2017 жылға дейін Қазақстанда тұрмыстық зорлық-зомбылық екі бап бойынша – ҚР Қылмыстық кодексінің 108-бабы (денсаулыққа жеңіл зиян келтіру) және ҚР Қылмыстық кодексінің 109-бабы (ұрып-соғу) бойынша жазаланған болатын. Олар қамауға алу, айыппұл салу, түзеу немесе қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны қарастырды.

2017 жылдың 3 шілдесінде бұрынғы президенті Нұрсұлтан Назарбаев бұл баптарды қылмыстан шығару туралы заңға қол қойды. Ішкі істер министрлігі мен Бас прокуратураның мәліметінше, бұл «құқық бұзушылармен профилактикалық жұмысты күшейту және оларды жауапкершілікке тарту тәртібін жеңілдету мақсатында» жасалған. Сонымен қатар, егер агрессор қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп айыпталса, бұл тараптардың татуласу мүмкіндігін жоққа шығарады. Жалпы бұл баптар әкімшілік жазаға өткен соң денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру – ескерту не он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға, ұрып-соғу үшін ескерту не он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алу жазалары қолданылды.

Алайда жоспар орындалмады. Мұндай қылмыстар азаймай, керісінше көбейген. Полицейлер жәбірленушілердің арызын қабылдамай, олардың құқықтарын түсіндірмей, сараптамалар мен тергеулер көбінесе үстірт жүргізіле бастаған, ал әйелдер балаларының әкелерін түрмеге отырғызғысы келмегендіктен полицияға хабарласпаған және олар дәлелдеме мен куәгерлердің сөздерін өздері жинауға мәжбүр болған. Декриминализациядан соң керісінше құқықбұзушылық саны 2 есе артқан.

Мәселен, Посткеңестік мемлекеттерде Армения, Грузия, Литва, Тәжікстан, Өзбекстан мен Украинада денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру және ұрып-соғу қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Молдовада отбасындағы ұрып-соғу және денеге жеңіл зиян келтіру қылмыс болып саналады, Әзірбайжан, Беларусь, Қырғызстан, Ресей денеге қасақана жеңіл зиян келтіру-қылмыс, ал ұрып-соғу – Қырғызстанда, Ресейде қайталанған жағдайда және Беларусьте ауырлататын мән-жайлар болған жағдайда қылмыстық жауапкершілікке тартады.

Молдовада 2010 жылы «Тұрмыстық зорлық-зомбылық» деген жеке бап енгізілген. 2018 жылдан бері Грузияда тұрмыстық зорлық-зомбылық қылмыс деп танылды. Қырғызстанда 2021 жылдан бастап отбасылық зорлық-зомбылық қылмыс деп танылды. Өзбекстанда 2023 жылы «Отбасылық (тұрмыстық) зорлық-зомбылық» деген жеке бап енгізілген.

Қазақстан ТМД елдерінде жеңіл дене жарақаттары қылмыс болып саналмайтын жалғыз мемлекет! [3].

Одан бөлек, 2020 жылдың басынан бері елімізде «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» жаңартылған заң бар. Онда мемлекеттік органдардың зорлық-зомбылықтың алдын алу және жергілікті атқарушы билік, полиция және медицина қызметкерлерінің іс-әрекетін үйлестіру бойынша атқаруы тиіс негізгі шаралар тізбеленген [4].

Дегенмен, көптеген белсенділер атап өткендей, заң ең алдымен отбасын сақтауға бағытталған. Мысалы, ол агрессорды үйінен шығаруды қарастырады, бірақ оның басқа баспанасы болмаса, онда ол отбасымен бірге тұруға қалдырылады. Басқа шараларға профилактикалық әңгімелесу, қорғау нұсқаулығы, жәбірленушімен қарым-қатынасқа тыйым салу және алкоголь мен есірткіні қолдануға тыйым салыну жатады. Құқық қорғаушылар мен белсенділер оның тым жұмсақ екенін айтады. Өйткені, зорлық-зомбылықтың алғашқы көрінісінде ескерту балаға күлімсіреп саусағымен қорқытумен бірдей. Сонымен қатар, онда қорғау тәртібін бұзғаны үшін ешқандай жаза қарастырылмаған. Яғни, қазір бұл жай ғана формальдылық - агрессор полицияға қол қойып, онымен профилактикалық әңгіме жүргізгені туралы белгі қоятын қағаз.

Мысалы, АҚШ-та қорғау жарлығының талаптарын бұзғаны үшін бес жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған. Бірақ Қазақстанда бұл құжат ешкімді тоқтатпайды.

Бұл елімізде тұрмыстық зорлық-зомбылыққа байланысты заңнаманы жетілдіру керек екенінін айқын көрінісі деп түсінеміз.

Бүгінгі таңда отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық тақырыбы қазақстандық қоғамда ең көп талқыланатын тақырып болып отыр. Осы саладағы сот төрелігі жүйесінің жетілмегендігі, сондай-ақ қоғамда үстем болып келе жатқан халық арасында қалыптасқан

дәстүрлі көзқарастар мен құндылықтар ішкі келіспеушіліктерге байланысты қылмыстардың өсуіне қатты әсер етіп жатыр. Соңғы жылдары БАҚ-та кейбір қазақстандық отбасыларда, әсіресе әйелдер мен балаларға қатысты әртүрлі сипаттағы және дәрежедегі зиян келтіру жағдайлары егжей-тегжейлі жарияланып отырады, бұл қоғамда қызу пікірталас тудырады. Ресми статистика құрбандардың көбінесе құқық қорғау органдарына жүгінуден қорқатынын көрсетті және жылдар бойы оларға қатысты жалғасып жатқан зорлық-зомбылықтың көлеңкесінде қалып отырғанын ескере отырып, тұрмыстық зорлық-зомбылық саласындағы проблемаларды шешудің маңыздылығын күшейгенін аңғарамыз. Отбасындағы зорлық-зомбылықпен күресте мемлекет маңызды рөл атқарады. Ол үшін мемлекет атынан бірнеше қадамдар жасалуы тиіс:

Заңнама: Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарын қорғау және зорлық-зомбылық жасағандарды жазалау үшін заңдарды жетілдіру керек.

Бағдарламалар мен қызметтерді қаржыландыру: Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына дағдарыс орталықтарын, психологиялық қолдау, құқықтық көмек және басқа ресурстарды құру және қолдау үшін қаражат бөлу.

Білім беру және оқыту: құқық қорғау органдарына, судьяларға, медицина қызметкерлеріне және басқа да мамандарға тұрмыстық зорлық-зомбылықты таныту, әрекет ету және алдын алу бойынша оқыту және оқытуды қамтамасыз ету.

Қоғамдық науқандар: Тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесі туралы хабардарлықты арттыру, қоғамның назарын аудару және зардап шеккендерге қолдау көрсету үшін ақпараттық науқандарды өткізу.

Қоғамдық серіктестіктер: үкіметтік емес ұйымдармен, жергілікті қауымдастықтармен және басқа да мүдделі тараптармен отбасылық зорлық-зомбылықпен күресу бойынша бағдарламаларды әзірлеу және жүзеге асыру үшін жұмыс істеу.

Зерттеулер және статистика: Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың себептері мен салдары бойынша зерттеулер жүргізу және мәселені жақсы жоспарлау және оған жауап беру үшін статистиканы жинау.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықпен тиімді күресу заңнаманы, білім беру және түсіндіру науқандарын, қоғамның барлық деңгейлері тарапынан қолдау мен ынтымақтастықты қамтитын кешенді тәсілді талап етеді.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай: "Елімізде тұрмыстық зорлық-зомбылық, вандализм, дөрекілік және бұзақылық сияқты Заң мен Тәртіп бұзушылықтың кез келген түріне мүлде төзбейтін әрі оны қатаң айыптайтын жағдай қалыптастыру қажет. Әйелдер мен балаларға зорлық-зомбылық көрсету фактілерінің батыл түрде жолын кесу керек" [5].

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Алауханов Е. О., Каирова Н. И. Преступное насилие в отношении женщин (уголовно-правовые и криминологические аспекты): Учеб. пособие.— Алматы: Нур-пресс, 2008.— 230 с.
2. «Қазақстан Республикасындағы отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл туралы» ұлттық баяндама / А.Е.Есенбаев, Ә.С.Кайдарова, А.С.Рақышева, А.К.Николаева, Д.М.Айкенова, С.П. Тұрсынбекова А.С.Жолды балина, Х.Қ. Әжіғұлова, М.Х.Хасенов, А.Н. Родионов, Л.Т.Күлтемірова, Г.М.Молдақұлова, А.М.Әшімова, А.И.Досмұхамбетова, Б.Қ.Ермекбаева Нұр-Сұлтан: 2021. 300 б.
3. Қазақстан Республикасындағы отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл туралы» ұлттық баяндама / Б.А. Кулмуханбетова, С.М.Сапаралиева, Т.А. Резвушкина, М.Х.Хасенов, А.Н.Ро-Дионов, О.Т.Бейсенбаев, А.К.Николаева, Г.К. Байболатова, А.В.Букурубова, А.Ашимова, А.Т.Дюсенова, А.Б. Куанышбаева, Б.Қ. Ермекбаева Астана: 2023-360 б
4. Электронды ресурс: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z090000214>

UDC 343.2

THE IMPACT OF THE MORATORIUM ON THE DEATH PENALTY ON PUBLIC OPINION AND HUMAN RIGHTS MOVEMENTS

Bokov Magomed

3rd year student of the specialty "Jurisprudence"

L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan

Scientific supervisor – PhD, Senior lecturer Kalmaganbetova D.B.

Prior to the entry into force of the law "On the Abolition of the Death Penalty", the Constitution of the Republic of Kazakhstan recorded that the death penalty as an exceptional measure of punishment is applied for particularly serious crimes related to encroachment on human life. The right to life is a fundamental, inalienable, inalienable right, it is enshrined in almost all international human rights treaties, and is reproduced in all constitutions of countries around the world, including our Basic Law [1].

The analysis showed that already in the first years after independence, with the beginning of legal reform in Kazakhstan, a course for the phased abolition of the death penalty was simultaneously outlined. Initially, the death penalty was abolished by law for embezzlement, counterfeiting, and violation of the rules of foreign exchange transactions. Later, they refused to use the death penalty for banditry, organizing mass riots in correctional institutions, rape and taking bribes. The essence of this direction was to reduce the number of norms in criminal legislation providing for the death penalty.

Since 2004, no death penalty has been carried out due to the current moratorium. However, even the entry into force of the law "On the Abolition of the Death Penalty" in 2021 did not exclude its application. According to the previous wording, the death penalty was envisaged as an exceptional measure of punishment for terrorist crimes involving the death of people, as well as for particularly serious crimes committed during wartime, with the right to petition for pardon granted to the sentenced person. The 2022 amendments put an end to the issue of the use of the death penalty as a capital punishment. Today, this is life imprisonment [2].

Even in the first program of legal reform in 1991, a phased restriction of the use of the death penalty was provided for. The legislation of the Soviet period provided for the use of the death penalty not only for premeditated murders, but also for economic, official crimes, and rape. The humanization of criminal punishment has led to the fact that capital punishment has been applied for crimes related to deliberate encroachment on human life. In total, 150 people were executed in Kazakhstan

Before the moratorium was imposed, 266 people were sentenced to death by firing squad. Of these, 150 have been activated, and 27 people have been amnestied. The fate of the remaining 89 people is unclear. It can be assumed that these convicts died or committed suicide while awaiting sentencing.

In particular, 61 people were sentenced to death in 1997, 63 in 1998, 63 in 1999, 40 in 2000, and 39 in 2001. The last death sentence was carried out against 12 people in 2003.

According to the association "Together against the Death Penalty", 2,148 sentences were carried out in 2005 in 22 countries around the world. Fortunately, Kazakhstan was not among them.